

ДАНИЯНЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІ



Mercer CFA Institute Global Pension Index (MCGPI) рейтингінде

2 -орын



Даниялық зейнетақы жүйесі Дания тұрғыны зейнетақыны бірнеше көздерден ала алатындай мүмкіндікпен құрылған

ДАНИЯНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ЗЕЙНЕТАҚЫ СЫЗБАСЫ

әмбебап болып табылады және бүкіл халыққа қатысты қолданылады



Данияның **МЕМЛЕКЕТТІК ЗЕЙНЕТАҚИСЫ** өмірбойғы зейнетақы болып табылады. Зейнетақының жалпы мөлшері зейнеткердің жеке табысы мен оның отбасылық жағдайына байланысты. Зейнетақы мөлшері еңбек өтілі мен жарналарының ұзақтығына байланысты емес.

МЕМЛЕКЕТТІК ЗЕЙНЕТАҚЫ БАЗАЛЫҚ ЗЕЙНЕТАҚЫ мен **ҮСТЕМЕ АҚЫДАН** тұрады, олар мемлекеттік бюджетке төленетін салық түсімдері есебінен жүзеге асырылады. Сол сияқты мемлекет **ҚОСЫМША ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖӘРДЕМАҚЫСЫН** төлейді.

МЕМЛЕКЕТТІК ЗЕЙНЕТАҚЫНЫ АЛУ ҮШІН НЕГІЗГІ ШАРТТАР:

- Елде 40 жыл тұру;
- зейнетке 66 жаста шығу (зейнет жасы 2019 жылдан бастап 2022 жылға дейінгі кезеңде біртіндеп 69 жасқа дейін ұлғаяды);
- Алайда, егер Дания тұрғындары бұл шарттарға сәйкес келмесе, онда мұндай адамдарға басқа талаптар қойылады.

МЕМЛЕКЕТТІК ЗЕЙНЕТАҚЫ 2 жылдағы жалақының өсуіне қатысты жыл сайын индекстеледі. Индекстеумен бір уақытта номиналды орташа жалақы 2%-дан жоғары өскен жағдайда резервтік қорға әлеуметтік шығыстар үшін аударымдар жүзеге асырылады. Бұл ретте резервтік қорға артылған сомадан 0,3%-ы (максимум) аударылады.

БАЗАЛЫҚ ЗЕЙНЕТАҚЫ зейнеткерлерге ең төменгі мемлекеттік кепілдікті қамтамасыз ету үшін төленеді:

БАЗАЛЫҚ ЗЕЙНЕТАҚЫ мөлшері жалғызбасты зейнеткерлер мен бірге тұратын зейнеткерлер үшін бірдей – айына 6 518 дат кронасы* (немесе 452,3 мың теңге)/жылына 78 216 дат кронасы (5,4 млн теңге).

Мемлекеттік бюджет


Зейнеткердің материалдық жағдайы мемлекеттік зейнетақы мөлшеріне әсер етеді. Инвестициялық кіріс, ерікті зейнетақы немесе кәсіптік зейнетақы базалық зейнетақы мөлшеріне әсер етпейді. Алайда, егер зейнеткер өзінің еңбек қызметін жалғастырған жағдайда базалық зейнетақы қысқартылуы мүмкін емес толығымен күшін жоюы мүмкін. Жұмыс істейтін зейнеткер үшін базалық зейнетақы алуды кейінге қалдыру мүмкіндігі қарастырылған.

Сондай-ақ мемлекет **ҚОСЫМША ЖӘРДЕМАҚЫЛАРДЫ** төлейді, бұл жәрдемақыға азаматтар әр түрлі себептер бойынша, мысалы, медициналық көрсеткіштер, ауыр қаржылық жағдайы және басқа да себептер бойынша өтініш береді. Бұл ретте азаматтың шоттарындағы ақша 91 900 DKK-дан (6,4 млн теңге) аспауы тиіс.

* 1/01/21 жылдағы жағдай бойынша 1 дат кронасы (DKK) = 69,39 KZT

ҮСТЕМЕ АҚЫ МӨЛШЕРІ ЗЕЙНЕТКЕРДІҢ ОТБАСЫЛЫҚ МӘРТЕБЕСІ МЕН КІРІСІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ

ЖАЛҒЫЗБАСТЫ
ЗЕЙНЕТКЕРЛЕР



Мемлекеттік
бюджет

ЕРЛІ-ЗАЙЫПТЫ
ЖҰПТАР



Жалғызбасты зейнеткер үшін үстемесі **7 335 DKK** (немесе 509 мың теңгені) құрайды. Жалғызбасты зейнеткер үшін мемлекеттік зейнетақының жиынтық мөлшері **13 853 DKK** (961 мың теңгені) құрайды.

Егер зейнеткердің кірісі жылына **374 600 DKK** (26 млн теңгеден) асатын болса, онда **ҮСТЕМЕ АҚЫ** жылына **89 700 DKK** (6,2 млн теңге) дейін төмендетіледі.

ЖТС-на дейін базалық зейнетақы мен үстеме ақының мөлшерлері 2021 жылға берілген. Анықтама үшін: 4 адамнан тұратын отбасы үшін ең төменгі күнкөріс деңгейі орташа алғанда 24 943,72 DKK, жалғызбасты адам үшін 6 935,45 DKK құрайды. Цифрлар тұрғын үй жалдау шығыстарын есепке алмай берілген.

Некеде тұрған зейнеткер үшін үстеме ақы **3 707 DKK** (немесе 257 мың теңгені) құрайды. Некеде тұрған зейнеткер үшін мемлекеттік зейнетақы мөлшері – **10 225 DKK** (709,5 мың теңге).

Егер жұбайы да зейнеткер болып табылатын, некеде тұрған зейнеткердің кірісі **457 700 DKK** (31,8 млн теңгеден) асатын болса, зейнеткердің жылдық **ҮСТЕМЕ АҚЫСЫ 179 700 DKK** (12,5 млн теңгені) құрайды.

Егер зейнеткердің жұбайы/серіктесі зейнеткер болып табылмайтын жағдайда, бірақ зейнеткердің жылдық кірісі жылына **318 700 DKK** (22 млн теңгеден) асатын болса, онда үстеме ақы жылына **179 700 DKK** дейін қысқартылады.

МІНДЕТТІ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ (ATP Lifelong Pension)

ATP тобы 1964 жылы Дания парламенті құрған дербес орган болып табылады, оған зейнетақы қоры (ATP Lifelong Pension) және процессинг орталығы кіреді.

ATP қазіргі уақытта **5,3 млн қатысушысы** (2020 жылы бағалау деректері бойынша халық саны 5,8 млн адам) және **960 млрд DKK** (66,6 трлн теңге) асатын зейнетақы активтері бар Еуропаның ең ірі зейнетақы қорларының бірі болып табылады.

ATP Lifelong Pension-нің мақсаты азаматтарды қартайған шағында мемлекеттік зейнетақымен бірге негізгі қаржылық қамтамасыз ету болып табылады.

ATP LIFELONG PENSION ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ (ӨМІРБОЙҒЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ) ҚАЛАЙ ЖҰМЫС ЖАСАЙДЫ?


ATP Lifelong Pension мемлекеттік зейнетақыдан басқа қосымша зейнетақы кірісін қамтамасыз ету үшін Данияның міндетті зейнетақы жоспары болып табылады. Егер Дания азаматы:

- жалдамалы қызметкер болса немесе әлеуметтік қамтамасыз ету бойынша жәрдемақы алатын болса;
- 16 жасқа толған болса;
- Данияда жұмыс істейтін болса немесе даниялық жұмыс берушімен қысқа мерзімдік жұмысқа шетелге жіберілген болса;
- аптасына кем дегенде 9 сағат жұмыс істейтін болса, ATP-ға аударымдар жасауға міндетті.


МІНДЕТТІ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ (ATP Lifelong Pension)

ATP Lifelong Pension-ға ЖАРНАЛАП

Жылына:
Жұмыс беруші:
2 272 DKK
Қызметкер:
1 136 DKK



Жарна:
Жылына **3 408 DKK**



Жылына:
26 200 DKK
Толық
жылдық
зейнетақы



МЫСАЛ:


Мысал: Егер қызметкер жалақы алса және толық жұмыс күнімен жұмыс жасаса, онда ATP жарнасы үшін қызметкердің жалақысынан ай сайын **94,65 DKK** (жылына 1136 DKK) алынады. Жұмыс беруші айына **189,35 DKK** (немесе жылына 2 272 DKK) сомасымен жарнаны толықтырады. Жалпы жарна жиыны айына **284 DKK** жылына **3 408 DKK** тең болады.

ATP Lifelong Pension бүкіл халықты қамтитын болғандықтан, заңнама ATP-ға азаматтардың кіріс деңгейіне тәуелді болмайтын міндетті жарналарды қарастырады. Жарналар жұмыс істелген сағаттар санына байланысты тіркелген сома түрінде аударылады. Қызметкер тіркелген соманың 1/3 бөлігін, ал жұмыс беруші жалпы соманың 2/3 бөлігін енгізеді. Жарна сомасы қызметкердің ай сайынғы жалақысынан автоматты түрде алынады.

2020 жылы толық кезеңде жұмыс істеген кезде (айына кем дегенде 117 сағат) тіркелген жарнаның мөлшерлемесі айына **284 DKK** дат кронасын/жылына **3 408 DKK** (жылына 236,5 мың теңге) құрады.

Өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтар өзі және жұмыс беруші үшін жиынтық жарнаны төлей отырып, ATP-ға ерікті түрде қатысады.

ЗЕЙНЕТАҚЫ ТӨЛЕМІ



Салымшы мемлекеттен жасына байланысты зейнетақы ала бастаған кезде, ATP Lifelong Pension өмірбойғы зейнетақы төлеуді бастайды. Салымшылар Даниядан шығып кетсе де, ATP зейнетақы жасына толғанға дейін зейнетақы төлемін жүзеге асырмайды.

Өзінің бүкіл еңбек жолында жарналарды жүзеге асырған зейнеткер үшін ең жоғары жылдық зейнетақы қазіргі уақытта **26 200 DKK** (1,8 млн теңгені) құрайды.

ATP Lifelong Pension зейнетақысы - бұл зейнет жасына жеткен сәттен бастап өмір бойы төленетін, кейінге қалдырылған, кепілдендірілген аннуитет (кепілдендірілген зейнетақы деп аталады), ұлымшы ерте қайтыс болған жағдайда мұрагерлерге бір рет төленеді (төлем сомасының 40%-ы мөлшерінде салық ұсталады). Біржолғы төлем мөлшері ATP-дағы зейнетақы жинақтарына және қайтыс болған адамның жасына байланысты болмақ. Жұбайы / серіктесі салық төлегенге дейін **75 000 DKK** алуға құқылы. Төлем қайтатын кезінде адам зейнет жасына «жеткеннен» кейінгі жылдан бастап жыл сайын **15 000 DKK-ға** азаяды және осы датадан кейін бес жыл өткен соң, толығымен тоқтатылады. Қайтыс болған адамның 21 жасқа дейінгі балаларына біржолғы төлем әр бала үшін **50 000 DKK** құрайды.

ATP ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Зейнетақы активтерін орналастырудан ең жоғары кірістілік алу үшін **ATP ПРОАКТИВТІ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ СТРАТЕГИЯНЫ** жүргізуді жөн санайды.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ ATP туралы заңмен, тәуекелдерді есепке алумен және басқарумен байланысты нормативтік актілермен реттеледі.

ATP ҚАДАҒАЛАУШЫ КЕҢЕСІ ATP қызметі үшін, оның ішінде инвестициялық қызмет үшін жалпы жауапкершілік алады.

ATP-ДАҒЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІ

ATP зейнетақы активтерінің 80%-ы ATP зейнетақы міндеттемелері бойынша хеджирлеу, %дық мөлшерлемелер бойынша өзгерістерді өтеу мақсаттарына арналған. Портфель негізінен пайыздық своптар мен ұзақмерзімді облигациялардан тұрады.

ATP зейнетақы активтерінің 20%-ы инвестициялауға бөлінген (бонустық әлеует деп аталады). Бұл портфель барынша тәуекелді болып табылады және ATP зейнетақының ұзақ мерзімді сатып алу қабілетін сақтау үшін ең жоғары кірістілікті іске асыру үшін қажет. Акцияларға, жылжымайтын мүлікке және басқа балама құралдарға негізгі инвестициялар.

ATP ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

ATP ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

үш негізгі элементтен тұрады:

- Тәуекелдер бюджетін және бонустық әлеуетті (инвестициялық портфельді) тиімді пайдалану, яғни жиынтық тәуекелдер бонустық әлеует шегінде болуы тиіс;
- Хеджирлеу портфелі кепілдендірілген зейнетақыны қамтамасыз ететін, ал инвестициялық портфель (бонустық әлеует) зейнетақының нақты құнын ұстап тұруды қамтамасыз ететін инвестициялардың мақсаттарын бөлу;
- ATP инвестициялық тәсілі тәуекелдерді әртарапталдыруды қамтамасыз ететін факторларға негізделген.

БЕС САНАТ БОЙЫНША ATP ИНВЕСТИЦИЯСЫ

%ПАЙЫЗДЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕР, пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруіне облигациялардың сезімталдығына назар аудару. Бұл санатқа мемлекеттік және ипотекалық облигациялар кіреді.

НЕСИЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІК, эмитенттің борыштық міндеттемелерді өтеу қабілеттілігіне назар аудару. Инвестицияның бұл санатына дамушы елдердің облигациялары, сондай-ақ кіріс әкелетін төмен несиелік рейтингісі бар компаниялар кіреді. Сондай-ақ бұл санатқа несиелі ұйымдары мен корпоративтік қарыз кіреді, олар басқалармен қатар банктік және неғұнәлікті қарыздарға арналғандармен.

АКЦИЯЛАР, корпоративтік кірістерге назар аудару. Активтердің мысалдары: биржада белгіленетін акциялар, жекеменшік құрделі қаржы жұмсалымы, венчурлық капитал.

ИНФЛЯЦИЯ, жалпы баға тенденцияларына назар аудару. Бұл санатқа индекстелген облигациялар, жылжымайтын мүлік және инфрақұрылым активтері кіреді.

ШИКІЗАТ ТАУАРЛАРЫ, мұнай бағасы серпініне назар аудару. Негізінен мұнай құны бойынша индекстелген облигациялар кіреді.

ATP ЦИФРЛЫҚ СТРАТЕГИЯСЫ

ATP шығындарды үнемдеуді ұмытпай, клиентке бағытталған тәсілді қолданады. Бұл ATP-дың салымшылармен анағұрлым арзан байланыс арналары арқылы белсенді өзара іс-қимыл жасайтындығын білдіреді. Негізгі бағыттар автоматтандырылған үдерістер және өзіне-өзі қызмет көрсету болып табылады.

ATP-дың байланыс арналарын пайдалану стратегиясы келесі үш факторды теңестіреді:

1. клиент сұранысының сипаты - кейбір сұраныстар цифрлық арнаға сәйкес келмейді, ал басқа сұраныстарға қолайлы болады;
2. клиенттерге құрметпен қарау;
3. төмен әкімшілік шығыстар.

АВТОМАТТАНДЫРУ ҮДЕРІСТЕРІ БАСТЫ БАСЫМДЫҚҚА ИЕ


При разработке процессов, которые проходят путь от "входа" до "выхода", ATP учитывает следующую очередь:

1. **Автоматтандыру (no touch):** анағұрлым басымдыққа ие, үдеріс толығымен автоматтандырылған. ATP қолда бар ақпаратты сұрамайды. ATP үдерісті адамның барынша аз қатысуы талап етілетіндей мүмкіндікпен ұйымдастырады.
2. **Өзіне-өзі қызмет көрсету (self-service):** үдерістер қолдану барысында қарапайым және түсінікті болуы тиіс.
3. **Жеке қызмет көрсету (manual):** кейбір жағдайларда жеке қызмет көрсету үдерісі ATP үшін де, сол сияқты клиенттер үшін де оңай боуы тиіс табылады.

Анықтама үшін: БҰҰ-ның электрондық үкімет жүйесін дамыту рейтингісіне сай Дания 193 елдің ішінде 1-ші орынды иеленеді.

КӘСІПТІК ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖОСПАРЛАРЫ (ДАНИЯНЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІНІҢ 2-ДЕНГЕЙІ)

Жұмыс берушінің жарнасы жалпы соманың 2/3 бөлігі




Қызметкердің жарнасы жалпы соманың 1/3 бөлігі

Кәсіптік зейнетақы жоспарлары - бұл салалық деңгейдегі ұжымдық шарттар негізінде белгіленген жарналары бар жинақтаушы зейнетақы жоспарлары. Қызметкерлер мен жұмыс берушілердің жарналары жиынтығында қызметкерлердің орташа деңгейінің 10%-нан 18%-на дейін түрленеді, жарналардың орташа мөлшерлемесі 12% деңгейінде болады. Жеке сектордың қызметкерлері мен жұмыс берушілерінің жарналарының мөлшері тиісінше жарналардың жалпы сомасының 1/3 (орташа 4%) бөлігін және 2/3 (орташа 8%) бөлігін құрайды. Мемлекеттік сектор қызметкерлерінің жарналарын мемлекет толық өтейді. Данияда кәсіптік зейнетақы жоспарлары бірқатар әлеуметтік шығыстарға пайдаланылады. Бұл жәрдемақыларды төлеу қызметкер мен жұмыс беруші және зейнетақы жоспары арасында жасалған келісім типіне байланысты болмақ. Қызметкерлер өз қажеттіліктеріне сәйкес жәрдемақы пакетін таңдай алады және қажет болған жағдайда қосымша жарналар төлей алады. Кәсіптік зейнетақы жоспарларының басым көпшілігі қызметкердің мүгедектігі, ауыр сырқаттануы, сондай-ақ оның жақын туыстарының қайтыс болуы жағдайларын қамтитын жәрдемақыларды төлеу бір рет немесе өмірбойғы аннуитет түрінде жүргізіледі.

ЕРІКТІ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖОСПАРЛАРЫ (ДАНИЯНЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІНІҢ 3-ДЕНГЕЙІ)

Ерікті зейнетақы жоспарларының рөлі зейнетақы жинақтарының шарттарының икемділігін қамтамасыз ету болып табылады.



Ерікті немесе жеке зейнетақы жоспарлары: Дания азаматы зейнетақы қорымен немесе банкпен жеке зейнетақы шартын жасай алады. Әдетте, кіріс деңгейі азаматтың қосыла алатын зейнетақы жоспарын анықтайды:

- біржолғы төлемдері бар капиталдық зейнетақы жоспары;
- кесте бойынша өмірдегі бар зейнетақы жоспары бірнеше жыл ішінде.